



АТҚАРУ КОМИТЕТІ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

13.12.2024 жыл

№ 2, 2-т.

«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ филиалының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік туралы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру, жоғары білім және ғылым саласындағы қызметкерлер үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысу жөніндегі жұмысы туралы

Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінің бас техникалық инспекторы А.М.Айтжановтың «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ филиалының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік туралы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру, жоғары білім және ғылым саласындағы қызметкерлер үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысу жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін Кәсіподақтың Орталық Комитетінің Атқару Комитеті келесіні атап өтеді:

«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ-да (*бұдан әрі - Университет*) қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

2024 жылғы 12 қарашадағы жағдай бойынша Университетте барлығы 690 қызметкер бар, оның 578-і кәсіподақ мүшелері.

Басшының бұйрығымен еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңес (*бұдан әрі – Кеңес*) құрылған.

Жыл сайын еңбекті қорғауды жақсартуға қаржы бөлінеді. Қызметкерлер талапқа сай арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі. Зиянды жұмыстармен айналысатын қызметкерлерді міндетті медициналық мерзімді тексеруден өткізу жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Өткен үш жылда еңбек қызметіне байланысты тіркелген жазатайым оқиғалар болған жоқ.

ҚР Еңбек кодексінің 203-бабын бұза отырып, Кеңес құрамы мен Кеңес төрағасы жұмыс берушінің бұйрығымен біржақты тәртіппен бекітілген. Бұл ретте төрағаны сайлау жөніндегі Кеңестің жеке отырысы өткізілмеген.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор бекітілмеген. Кәсіподақ ұйымы «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» республикалық байқау-конкурсына қатысқан емес.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ филиалының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік туралы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру, жоғары білім және ғылым саласындағы қызметкерлер үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысу жөніндегі жұмысы туралы» ақпарат назарға алынсын (қоса беріледі).

2. Филиалдың кәсіподақ комитеті:

- қызметкерлерді қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру мәселелерінде тәртіп орнату жөнінде шұғыл шаралар қабылдасын;

- жұмысты жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясының 2016 жылғы «23» қарашадағы шешімімен (№ 2 хаттама) бекітілген еңбекті қорғауды басқарудың салалық жүйесін басшылыққа алсын;

- еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік туралы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыруға қосымша шаралар қабылдасын;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңестің құрамын жұмыс берушінің өкілдерімен бірлесіп қайта қарасын, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторды қоса алғанда, кәсіподақ өкілдерін паритетті (тең) негізде Кеңес құрамына енгізісін;

- еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторға қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беру мақсатында ұжымдық шартқа толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

3. Филиал төрағасы Ж.Б. Жамилова **2025 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде** Кәсіподақтың Орталық Комитетінің аппаратына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастыру жөнінде белгіленген кемшіліктерді жою және қабылданатын шаралар туралы ақпарат жолдасын.

4. Кәсіподақ Төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Б.Ә.Әлиевке ОК аппаратының құқықтық жұмыс және ЕҚЖЕҚ бөлімінің бас техникалық инспекторы А.М. Айтжановпен бірлесіп, 2025 жылғы I жартыжылдықта

«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ филиалының Өндірістік кеңес мүшелерімен және техникалық инспекторларымен көшпелі семинар өткізу тапсырылсын.

5. Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі (Р.М. Қыдырбаева) кәсіподақ ұйымын еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік мәселелері бойынша қажетті әдістемелік және консультациялық көмекпен қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева